

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

**БАҚ-ТАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАРДЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ
(“QAZAQSTAN”, “ХАБАР” ТЕЛЕАРНАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)****Маханбетова Аяжан**Ayazhan.zhm@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану

факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Е.Тапанова

Еліміздегі журналистика саласы басқа да құндылықтар секілді күннен-күнге даму үстінде. Оның дәлелі күнделікті ақпарат тарату көздері, яғни телеарналар, газеттер, тіпті радиолар да жаңа тәсілдерді игеріп, жаһандану үдерісіне ілесіп келе жатыр. БАҚ-тың қай саласы болса да бірінші кезекте қоғамға ақпарат тарату, жаңалықты өзекті сәтінде бере алуы мақсат етеді. Сол мақсат қаншалықты жылдам және қалай орындалып жатыр деген сауалдың жауабы біздің мақаламыздың тақырыбын айқындай түседі. Сондай-ақ жаһан жаңалықтары еліміздің телеарналарында жиі айтылады ма, жоқ па деген сауалдың да жауабы біз үшін маңызды. Жаңалық таратудағы тәсілдердің айқындығы жан-жақтылықтың нәтижесі. Демек, күнделікті елімізде болып жатқан оқиғалардан ақпарат жазып оны ұсынудан бөлек, халықты бүкіл әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар етіп отыру жаңалық таратудағы жаһанданудың үлгісін көрсетеді.

Ақпаратты табу, жинау және оны тарату бірізді форматты қолдана алмайды. Әрбір сала бірдей ақпаратты өздігінше ерекше тәсілмен, түрлендіріп бере алуы керек. Сонда халыққа бір ақпарат сәтүрлі көзқараспен беріліп, қоғамның бір тарапты қолдап кетуі болмайды. Журналистер ақпаратты саралап, бір мәселені екі-үш жақтан зерттеп берсе адамдар да сол мәселеге басқа қырынан да қарай алады. Бұл үшін журналистер жаңалық таратуда түрлі әдістерді қолдана алулары шарт. Сондай-ақ, ақпарат әлем бойынша секунд сайын жаңарып отыратындықтан, телеарналар да, газет пен радиолар да ерекшелік болуын назарда ұстағандары жөн. Еліміздегі арналар жаңалық таратудағы басты фактор. Газет пен радионы іздеп оқып немесе тыңдайтындардан бөлек, әрбір үйде теледидар болатыны белгілі. “Qazaqstan” мен “Хабар” телеарналарының жаңалықтарды тарату тәсілдері мен өз ерекшеліктерін айтамыз. Жаңалық таратуда баса назарды шетелдегі жаңалықтарды қалай және қаншалықты жиі бере алатыны туралы зерттейміз.

“Қазақстан” мен “Хабар” телеарналары еліміздегі халықтың басым көпшілігіне танымал арналар. Бұл екі арна тікелей эфирде жаңалық таратумен де, сол айтатын жаңалықтың сапасымен де қоғамда жақсы пікірге ие болған. Жаңалық тарату үлкен ізденісті, жылдамдық пен шапшаңдықты қажет ететінін білеміз. Әсіресе, телеарналар ақпаратты өңдеп, оқиға орнына барып репортаж түсіріп, сұқбат алуға уақыт жұмсайтынын ескерсек, шапшаңдықты айтпау мүмкін емес. Елімізде болып жатқан оқиғалардан бөлек, әлемде күніне неше түрлі жаңалықтар мен оқыс оқиғалар орын алады. Біздің телеарналар мен газет, радиолар сол ақпараттарды қалай алады деген сұрақ дәл осы тақырыпты таңдауға басты себеп болды.

Бірінші кезекте атап өткен екі телеарна шетелде болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты алу үшін қандай тәсілдерді қолданатынын айтып өтейік. Жалпы “Қазақстан” телеарнасында күніне қазақ тілінде 4 рет, орыс тілінде 4 рет жаңалықтар топтамасын беретін ақпараттық талдау бағдарламасы дирекциялары, «Ел» (қоғамдық-саяси және әлеуметтік - экономикалық хабарлар) шығармаластық бірлестіктері жұмыс істейді. Телеарнаның 13 облыстық және 1 қалалық (Семей) бөлімшесі бар. Оның хабарларын 2003 жылы Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейдің Қазақстанмен шекаралас 12 облысы мен Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономдық аудандарының тұрғындары көре бастады [1]. Ал, шетел жаңалықтары бойынша “Қазақстан” телеарнасының АҚШ-та тілшілері бар екенін байқауға болады. 2022 жылдың

қыркүйек айының төртінде "Апта" бағдарламасында "АҚШ Ресейге экономикалық қысымды күшейте түсті" деген тақырыппен жаңалық берілген. Онда Вашингтоннан Жалғас Сәдібекұлы және Мәскеуден Индира Бегайдар тікелей байланысқа шығып ақпарат таратады [2]. "Қазақстан" телеарнасының интернеттегі парақшасында зерттеу жасағанда бірнеше мемлекеттердің, оның ішінде Түркия, Өзбекстан, Мәскеу мемлекеттерінің атауын жазғанда ақпараттар бар екенін, бірақ барлығы дерлік кадр сыртындағы мәтінмен берілгенін көрдік. Ал АҚШ туралы дерек іздегенде нақты сол елде тұрып ақпарат берген тілші берген ақпараттарды таптық. Жоғарыда айтып өткен екі мемлекеттен ақпарат таратқан екі тілшінің байланысқа шыққан сәттерінде үлкен айырмашылық бар екенін көруге болады. Мәскеуден байланысқа шыққан тілшінің дауысы анық емес әрі үзіліп естіліп тұрды. Ал сапа жағынан АҚШ-тың Вашингтон қаласынан эфирге қосылған тілшінің ақпарат беруі жоғары болды. Ол жерде сапалы камера, арнайы микрофон, жарық құрылғылары болғанын көруге болады.

Қазір "Хабар" арнасының эфирінде 37 тележоба көрсетілуде. Қазақстан үшін «Kazakh TV» телеарнасы спутниктік және имидждік болғандықтан, мағынасы бойынша оған деген талаптар басқа, бірақ шетелде отандастарымыз бен көптеген қазақ диаспорасы тұратындығын ескерсек, барлық эфирдің кем дегенде 50%-ы қазақ тілінде жүреді [3]. Дегенмен "Хабар" телеарнасының шетелден ақпарат тарату жұмысы көңіл қуантарлықтай емес. Зерттеу бойынша бұл телеарнаның да шетел ақпараттарын кадр сыртындағы мәтінмен беретінін көрдік. Жақын аралықта оқиға орнында тұрып шетелден хабар таратқан тілші жұмысын байқау қиын.

Егер біздің еліміздің ақпараттарын шетел порталдарынан іздесек тың деректерді өзекті болған тұсында бере алғандарын көруге болады. Әрине, ол тұста да тілші қызметі аса байқалмайды.

"Хабар" телеарнасының даму ерекшеліктеріне келер болсақ айтарлықтай өзгеріс байқауға болады. Соңғы бес жылдықта «Kazakh TV» телеарнасы жаңа форматқа – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар тарататын көп арналық хабар тарату жүйесіне көшеді деп анықтама берілген. «Kazakh TV-ның» көп арналық сигналы цифрлық теледидеиенің абоненттеріне үш тілдің кез келгенінде 100% хабар тарататын дыбыс жолын таңдау мүмкіндігін береді. Бұрын телеарна елімізде 50% мемлекеттік және 50% орыс тілдерінде, ал халықаралық аренада қазақ және ағылшын тілдерінде хабар таратты. Тілдік блоктар әр 3 сағат сайын ауысып отырады.

Хабар тарату форматын өзгерту – халықаралық теленарықта арнаның бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ кабельдік және жерсеріктік желі операторларының қызығушылығын арттыруға ықпал ететін, Қазақстанның телевизия саласын дамытудағы жаңа кезең [4].

Журналистика саласы ақпарат айдыны болғандықтан, бір уақытты немесе бір мәселені қамтымайды. Ол күн сайын, сағат сайын жаңа ақпарат жазып, халыққа ұсынуды, жазған ақпараттың бір бағытта емес жан-жақты болуын, тек өз еліміздің емес шетелдердің жаңалықтарымен де бөлісуді қажет етеді. Еліміздің басты арналары "Қазақстан" мен "Хабар" шетелдегі жаңалықтарды беруде кадр сыртындағы мәтінді көп қолданатынын байқадық. Телеарналардың көршілес елдерде кемі бір тілшілері болғаны ақпарат таратудағы тәсілдердің кеңеюі мен жаңаруына алып келеді. Бірақ, зерттеу бойынша шетелдерде тілшілеріміз бар ма, қай арналардың тілшісі екені туралы нақты дерек те, статистика да табу қиынға соғатынын байқадық. Демек, біздің телеарналар жаңалық таратуда жаһандық ақпараттарды ұсынғанда бір ғана тәсіл, кадр сыртындағы мәтінмен жүргізуші қызметін ғана қолданады.

Жаһандануы тұрғысынан айтатын болсақ, ақпаратты дер кезінде біліп нақты статистикасымен бере алу және сапалы бейнетүсірілімдерді тауып, пайдалана алу әр арнаның өзіндік ерекшелігін жүзеге асыра алуына байланысты. "Қазақстан" телеарнасы еліміздегі ұлттық арна болғандықтан негізгі ақпарат тарату тілі қазақ тілінде. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы мен аймақтық телерадиокомпанияларының толқындары анық таралатын аймақтарға кіретін Қазақстандағы ауыл тұрғындарының, кем дегенде, жартысы үшін

теледидар - ақпараттық және мәдени қажеттілікті, білім алуды, демалысты ұйымдастырудың басты құралы. Сонымен қатар 14 облыста «Qazaqstan» телеарнасының аймақтық филиалдары бар [5]. “Хабар”

телеарнасы жаһандану жолында өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл телеарна 2017-жылдан бастан үш тілде хабар таратуды мақсат етіп, сол жобаны іске асырып келе жатыр. Екі телеарнада да жаңалық тарататын бірнеше бағдарлама бола тұра, әр жобаны бір-біріне ұқсатпай, ерекшелік беріп, қай бағдарлама немесе жобаға болса да жаңа медианың мүмкіндіктерін пайдаланып оны жүзеге асыруды қолға алған.

Шетелге оқуға кетіп жатқан журналистика саласының студенттері біліктіліктерін арттыру үшін өзге елге барады. Журналистикасы дамыған мемлекеттерде білім алып жатқан студенттер өз білімдерін тәжірибеде көрсетуге мүмкіндік алу үшін де, жаңалық таратудағы жаһандануды жүзеге асыру үшін де студенттерді тілші қызметінде жұмыспен қамту жақсы мүмкіндік. Егер еліміздің телеарналары сенім білдіре алса, білім алып жатқанына қарамай, бар мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсетіп, шетелдегі тілші қызметін атқаруға әрбір студент ниетті. Басқа салаларға қаржы бөлінгені секілді, журналистикаға да қаржы бөлінеді. Егер дәл осы бағытқа қаржы жетіспегендіктен жаңа тәсіл мен жаһандану алға жылжымай тұрса, ақпарат кімнің қолында болса билік сонда екенін ескеруіміз қажет. Шетелдегі жастарды тиімді пайдаланып, оларға сапалы камера мен жарық бере алсақ, екі жақ үшін пайдалы шешім болары сөзсіз.

Журналистика ақпараттың ортасында болуды талап ететіндіктен, тіл білу өте маңызды. Шетел жаңалықтарын назардан тыс қалдырып алмау жолында ағылшын тілін білу үлкен мүмкіндік. Тіл білген журналистке ақпаратты түсіну мен оны сауатты түрде аударып жеткізе алу, жаһандық хабардан ақпарат жасау қиынға соқпайды. Ақпараттың қай жерде, қай уақытта пайда болатыны белгісіз. Сондықтан шетелде оқып келген журналистерді жаһандық ақпарат таратуда жұмыс жасауға бағыттау ұтымды әрі тиімді тәсіл болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_Телерадиокорпорациясы
2. <https://qazaqstan.tv/news/163034/>
3. <https://khabar.kz/kk/agency/baspas-z-ortaly-y/ba-biz-zhajly/item/8340-khabardy-aryshty-adamy>
4. <https://baribar.kz/43258/endi-kazakh-tv-telearnasy-ush-tilde-khabar-taratady/>
5. Қазақстан телерадиокорпорациясының ресми сайты: <https://rtrk.kz/>

ӘОЖ 070.1

ЖАҢА МЕДИА ТАЛАПТАРЫНА САЙ БАЛАЛАР БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕРІ

Мырзашова Айгүл Базарбайқызы

myrzashova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Журналистика және саясаттану факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Ж. Болатова

Балаларға арналған басылымдар жас оқырмандардың ой-өрісі мен қиялын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Олар балалық шаққа тән қиял, шығармашылық және оқу әлеміне жол ұсынады. Балаларға арналған басылымдар кішкентай балаларға арналған суретті кітаптардан бастап орта сынып оқырмандарына арналған тарау кітаптарына дейін